



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 маусым

№5165-23-00-2/1348 іс

Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

төрағалық етуші судья Ғ.Ә.Бектаев,

сот отырысының хатшысы Ж.Ермекбаеваның қатысуында,

ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

«NBO plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:

Талап қоюшы өкілі Д.Оспанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай – Кәсіпорын) мен «NBO plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ары қарай - ЖШС) арасында шлагбаум сатып алу бойынша 2023 жылдың 28 сәуірінде №106 санды мемлекеттік сатып алу келісім шарты жасалған.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану жайлы талап қойып, оның негізіне соңғы мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін тиісінше орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден жазбаша түрде қарсы пікір түспеді.

Талап қоюшы өкілі сотта талапты толық қуаттап, талап қоюды онда көрсетілген негіздермен толық қанағаттандыруды сұранды.



Жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады, сотқа талапқа қарсы дәлелдемелерді алып келмеді және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Сот жауапкердің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан кейін – АПК) 196-бабына сай істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 1-қосымшасына қарағанда жауапкер тауарды келісім шартқа екі жақ қол қойғаннан бастап 16 күнтізбелік күнде, яғни 2023 жылдың 14 мамырына дейін тапсырыс берушіге жеткізуі тиіс болған.

Сотта нақты анықталғаны жауапкер тауарды бүгінгі күнге дейін жеткізбеді.

Осы айтылғандар негізінде талап қоюшының талабы заңды және негізді.

АПК-ң 117-бабына сай жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік бажды өндіру қажет.

ҚАРАП БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**



ШЕШІМ ЕТТІ:

Кәсіпорынның талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

«NBO plus» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«NBO plus» ЖШС-нен мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья

Ғ.Ә.Бектаев

